



БЕКІТЕМНІ

Талдықорған өнеркәсіптік индустрия
және жаңа технологиялар колледжінің
директоры

Е.И.Коянов Е.И.Коянов

2020 жыл

Педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары

Қашықтан оқыту форматын ескере отырып, психологиялық қызметтің жұмысын жоспарлау

Білімгерлер, ата-аналар және ұстаздармен қашықтан байланыс құру платформалары :

- SKYPE
- Whatsapp видеоконференция
- Whatsapp messenger
- ZOOM каналы
- Telegram каналы
- Instagram тікелей эфир
- Facebook парақшасы арқылы кері байланыс орнату

Колледж өзекті мәселесі: «Сапалы білім беру мен тәрбиелеу арқылы заман талабына сай инновациялық оқу технологиялары элементтерін пайдалана отырып кәсіби маман даярлау»

Психологиялық қызметтің мақсаты: колледж білім алушыларының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу; олардың психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу; білім алушылардың психикалық дамуындағы ауытқушылықты, кешеуілдеуді болдырмаудың жолдарын іздестіру; инженер-педагог ұжымында психологиялық ахуалды қалыптастыру; ата-аналар үшін психологиялық сауаттандыру, білім беру сабақтарын ұйымдастыру.

Ескерту: жоспар Алматы облыстық білім басқармасының 2019 ж бекіткен «Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетудің алдын-алу жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған ведомствоаралық бірлескен іс-қимыл

жоспарына» және Алматы облысы әкімінің орынбасары 2018 ж бекіткен «Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтарын алдын алу бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Кешенді іс-шаралар жоспарына» сәйкес құрылды.

Колледждегі психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Колледждегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары және мазмұны:

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

Психодиагностикалық бағыттар:

- Білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында оларды психологиялық зерттеу;
- Білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- Білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- Психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

Консультациялық бағыттар:

- Білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша кеңес беру;
- Білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен кеңес жүргізу;
- Күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- Тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

- Білім алушылар мен педагогтердің өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- Білім алушылар бейімсіздігінің алдын алу;
- Білім алушылардың бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу;
- Педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу;
- Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

Түзету-дамытушылық бағыттар:

- Жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;
- Білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
- Жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

- Педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша аралас мамандармен жұмыс жүргізу.
-

I. Психодиагностикалық жұмыс

Өткізу мерзімі	Жұмыс мазмұны	Кіммен жұмыс жүргізіледі			Жауаптылар
		білім алушылар	оқытушылар мен шеберлер	ата-аналар	
Қыркүйек	Жаңадан келген білім алушылар арасында жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтап, мәліметтерін толықтыру	1 курс			Педагог-психолог, кураторлар мен шеберлер

Қыркүйек	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы отбасылар және тұрмыстары төмен отбасынан шыққан білім алушылардың анықтау	1 курс			Педагог-психолог, кураторлар мен шеберлер
Жыл бойы	Психологиялық көмекті қажет ететін оқытушылар және білім алушыларды анықтау жұмысы	1-4 курс	оқытушылар мен шеберлер		Педагог-психолог, кураторлар мен шеберлер
Қазан Жеке сұраныс бойынша	Білім алушылардың интеллектуалдық және дамуындағы ауытқудың (ойлау қабілеті, дене бітімі, эмоциялық, т.б.) деңгейін анықтау	1 курс			Педагог-психолог, кураторлар мен шеберлер
Ақпан	Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу. (Маталина әдістемесі).	1 курс			Педагог-психолог
Наурыз	«Ресурс» бағдарламасын қолдану арқылы білім алушылардың жалпы психикалық жағдайын зерттеу	1, 2 курс			«Жанұя» қоғамдық қоры, педагог-психолог

II. Психологиялық кеңес беру жұмысы

Өткізу мерзімі	Жұмыс мазмұны	білім алушылар	оқытушылар мен шеберлер	ата-аналар	Жауаптылар
Жыл бойы	Толғандырып жүрген білім алушылардың мәселелеріне жекелей кеңес беру	1, 2, 3, 4 курс			Педагог-психолог
Жыл бойы	Жас мамандардың психологиялық білімін жетілдіру үшін кеңес беру		оқытушылар мен шеберлер		Әдіскер, педагог-психолог
Қазан-желтоқсан	Білім алушылармен жұмыс істеу барысында оқытушыларға жеке және топтық кеңес беру.		оқытушылар мен шеберлер		Педагог-психолог
Қазан-желтоқсан	Бірінші курстарды бейімдеу барысында ата-аналарға жекелей кеңес беру			1 курс ата-аналары	Педагог-психолог
Жыл бойы	Жүргізілген психодиагностика қорытындысы бойынша білім алушыларға жеке кеңес беру	1, 2, 3, 4 курс			Педагог-психолог
Жыл бойы	Оқытушылар мен шеберлерге, білім алушылар		инженерлік-		Педагог-психолог

	мен олардың ата-аналарымен қарым-қатынас нысандарын оңтайландыру мақсатында көмек көрсету		педагогикалық ұжым мүшелері		
Сәуір	Білім алушылардың жұмыс іздеу әдістеріне үйрету мақсатында іскерлік ойын «Жұмысты іздеу - ол да жұмыс» өткізу	3 курс			Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары, директордың КО жөніндегі орынбасары, Педагог-психолог
Жыл бойы	Жатақханадағы білім алушыларға жағымды жағдай тұрғызу мақсатында жұмыстар жүргізу	Жатақханада тұратын білім алушылар			Педагог-психолог, жатақханадағы тәрбиешілер
Жыл бойы	Пед.кен, әкім.кен, әдістем.кеңестерге қатысу, баяндамалар жасау		инженерлік-педагогикалық ұжым мүшелері		Әкімшілік пен қызметкерлер
Жыл бойы	Психологиялық әдәбиеттерді таңдауға бағыт бағдар беру	білім беру үдерісіне қатысушылар			Педагог-психолог, кітапханашы

III. Психологиялық түзету-дамытушылық жұмысы

Өткізу мерзімі	Жұмыс мазмұны	білім алушылар	оқытушылар мен шеберлер	ата-аналар	Жауаптылар
Қазан	Вебинар / онлайн тренингтер өткізу; - «Кибербуллинг. Не істеу керек?»; - «Тәуелсіз интернет, ойындар....»	1 курс білім алушылары			
Жыл бойы	Есепке алынған білім алушыларға психологиялық түзету-дамытушылық жұмыс жүргізу	1, 2, 3 курс «тәуекел тобы»			Педагог-психолог
Наурыз	Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін		Топ		Педагог-

	және мінез-құлықтарын анықтауға арналған сауалнама қорытындысымен топ жетекшілерге ұсыныс жасау		жетекшілер мен шеберлері		психолог, топ жетекшілері
Ақпан	Білім алушылардың лидерлік қабілеттерін дамыту мақсатымен тренинг өткізу	Топ старосталары			Педагог-психолог, ЖҰМ, «Жас ұрпақ» өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі
Қантар айынан бастап	«Ресурс» бағдарламасының тестілеу нәтижесі бойынша «сары аймақтағы» білім алушылармен түзету жұмыстарын жүргізу	2 курс «сары аймақтағы» білім алушылар			Педагог-психолог
Ақпан	Ұжымды біріктіруге арналған тренингтік сабақтар		оқытушылар мен шеберлер		Педагог-психолог
Сәуір	Жасөспірімдердің өзіндік бағалау төмен білім алушылар мен жеке және топтық жаттығуларды өткізу	Коррекциялық топ балалары			Педагог-психолог

IV. Ағартушылық-профилактикалық жұмысы

Өткізу мерзімі	Жұмыс мазмұны	білім алушылар	оқытушылар мен шеберлер	ата-аналар	Жауаптылар
Қыркүйек	Білім алушыларды оқу үрдісін ұйымдастырумен, жарлықтармен, колледждің ішкі тәртіп ережелерімен (құқықтар, міндеттер) қалыптасқан дәстүрлермен және т.б. вебинар/онлайн арқылы таныстыру	1 курс		1 курс ата-аналары	Педагог-психолог, кураторлар мен шеберлер
сұрау бойынша 2 жарты	Оқу топтардың куратор сағаттарына қатысу	Білім алушылар			Топ кураторлары, педагог-

жылдық					психолог
2 жарты жылдық	Сабақ барысында білім алушылар мен оқытушының педагогикалық қарым-қатынасын анықтау мақсатында тәжірибелік және теориялық сабақтарға қатысу, талдау.	1, 2 курс			Педагог-психолог, әдіскер, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Ақпан	Сабақ-тренинг: «Өз-өзіне қалай сенімді болу керек?».	1 курс			Педагог-психолог, топ жетекшілері
Ақпан	Психологиялық сағат: «Ерте жастағы жыныстық қатынас»	2 курс			Педагог-психолог, топ жетекшілері
Сәуір	Ата-аналар мен абитуриенттерге ашық есік күндерінде өздігінен мамандық таңдауға бағыт беру	абитуриенттер		Абитуриенттер ата-аналары	Әкімшілік, педагог-психолог
Сәуір	Семинар «Педагогтардың психологиялық мәселелері»		Инженерлік - педагогикалық ұжымның мүшелері		Педагог-психолог
Жыл бойы	Арнайы мамандармен бірлесе отырып, білім алушылармен кездесулер өткізу	Білім алушылар	инженерлік-педагогикалық ұжым мүшелері	Ата-аналар	Педагог-психолог Әкімшілік пен қызметкерлер
Жыл бойы	Тәртіпті алдын алу кеңесіне қатысу.	Білім алушылар	Тәртіпті алдын алу кеңесінің мүшелері	Ата-аналар	Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары, педагог-

					психолог
Жыл бойы Жұма күні	«Сенім жәшігіне» түскен хаттарды тіркеу және жауап беру				«Саналы Ұрпақ» клубының жетекшісі мен мүшелері, әкімшілік

V .Ұйымдастыру-әдістемелік және әлеуметтік-диспетчерлік жұмыс

Өткізу мерзімі	Жұмыс мазмұны	Жауаптылар
Тамыз Қыркүйек	Жаңа оқу жылының негізгі мәселелеріне талдау жасай отырып, бағдарлама, жұмыс жоспарын құру, бекіту.	Педагог-психолог
Қыркүйек Жыл бойы	Білім алушылар туралы жаңа мәлімет жинау. Жаңадан түскен білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық карта құру, ерекшеліктеріне қарай психологиялық картаны толтыруды жалғастыру.	Педагог-психолог
Қыркүйек Жыл бойы	Білім алушылар арасында психикалық ақауларды анықтап, әдістемелік кеңестерді өткізуді ұйымдастыру	Педагог-психолог
Қыркүйек	Денсаулығында ақауы бар балалар туралы мәлімет жинақтау	Педагог-психолог Мед. бике
Қазан	Колледждің әлеуметтік төл құжаттарын толықтыру	Оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жыл бойы	Колледж әкімшілігі өткізетін барлық педагогикалық кеңестер мен мәжілістерге қатысу	Педагог-психолог
Жыл бойы	Топ жетекшілеріне тәрбие сағаттарын және ата-ана жиналысын өткізуде әдістемелік көмек беру.	Педагог-психолог
2 жарты жылдық	«Жас маман мектебінің» отырыстарына қатысу	Педагог-психолог, «Жас маман мектебінің» жетекшісі
Жыл бойы	Ғылыми-практикалық семинарларға, конференцияларға қатысу	Педагог-психолог,

		әдіскер
Жыл бойы	Өзінің кәсіби біліктілігі мен білімін үнемі көтеру.	Педагог-психолог
Жыл бойы	Психологиялық қызметін дәрісханасын жабдықтау, ақпараттық стенділермен, құжаттарды рәсімдеу	Педагог-психолог
Жыл бойы	Білімін жетілдіру курстарына қатысу	Педагог-психолог, әдіскер
Жыл бойы	Әдістемелік бағдарламаларды жүйелеу, жинақтау	Педагог-психолог
Жыл бойы	Кезекті шығарылған арнайы әдістемелік әдебиеттермен танысу	Педагог-психолог, кітапханашы
Жыл бойы	Құжаттарды рәсімдеу, жоспар жасау, жасалған жұмыстарға есеп беру	Педагог-психолог

